

2017 жылғы 03 наурызда облыстық
мәслихаттың сессиясында жария етілген

Ақтөбе қаласының әкімі
І.С.Испановқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ілияс Сапарбекұлы!

Ақтөбе қаласының 10 мыңнан аса адам тұрып жатқан, Заречный-3 тұрғын үй алабының тұрғындарынан маған өтініш түсті. Олардың мәліметтері бойынша, шамамен 1200 отбасы аталған тұрғын үй алабында жеке тұрғын үй салуға жер учаскелерін алған, олардың 90% қазірдің өзінде жеке тұрғын үйлерін салып, сонда тұрып жатыр. Тұрғын үй алабында жаңа мектеп және емхана салынды. Алайда, жайлы өмір сүру үшін мынадай өзекті мәселелерді шешу қажет:

- біріншісі, тұрғындар тұрғын үй алабын қайта атауды, сондай-ақ атаусыз көшелерге атаулар беруді сұрайды, яғни, шұғыл қызметтерді шақыру кезінде қиындықтар болып, тұрғындардың наразылықтарын тудыруда;

- екіншісі, Заречный-3 тұрғын үй алабындағы автокөлік жолдарын жөндеу, көшелерді жарықтандыру;

- үшіншісі, тұрғын үй алабына көліктік қызмет көрсету, тұрғындарға көлік қызметін көрсету барысында тасымалдаушылардың қозғалыс кестесін сақтаулары және жүргізушілер мен кондукторлардың мәдениетін көтеру.

Заречный-3 тұрғын үй алабы тұрғындарының өтінішінің көшірмесі қоса тіркеледі.

Жауапты заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша беруіңіз сұралады.

Қосымша: 2 бетте.

Депутат, облыстық
мәслихаттың хатшысы

С. Қалдығұлова